




# ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Түркі тілдерінің тарихы. 1-бөлім





Түрік деген сөзді естігенде, кейбіреулер мүмкін Түркиядағы түріктер деп түсінетін шығар. Бірақ тарихта түркі текті тілі бір, діні бір, әдет ғұрпы бір үлкен қауымдастықты атайды. 1923 жылы Түркия мемлекеті құрылғаннан бері Түркиядағы түріктермен шатастырмау үшін ғылымда, шығыстануда түркі деген сөз пайда болды.

Түркі дегенде барлық түркі тілдес және түрік текті қауымдарды, ұлт-ұлыстарды айтады. Орта Азиядағы түркі халықтары қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, әзірбайжан, башқұрт, татар, Анадолиядағы және Сібірдегі түріктер қазіргі кезде бір атаумен түркілер деп айтылады.

Түркі тілдері – Шығыс Еуропадан, Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 180 млн адамның ана тілі, 210 млн адамның екінші тілі саналатын, көбі бір-біріне өте жақын 40 тілден тұратын тілдер тобы. Түркі тілдері жанұясы Алтай тілдері әулетіне жатады. Қазақ тілі соның бірі болып табылады.

Түркілердің тарихы ғасырлар бойы ортақ болған. Олардың ежелгі тарихының түркілік атауын екі дәуірге бөлуге болады. Біреуі, исламнан бұрынғы дәуір, екіншісі, исламнан кейінгі дәуір. Исламнан бұрынғы дәуір тілінің, исламнан кейінгі дәуір тілінен, таңбаларды жазуында айырмашылығы бар. Ғалымдардың жазба деректеріне сүйенсек, ежелгі дәуір тарихының басталуы б.з.б. VII ғ. деп есептеледі. Сол VII ғасырда «зардұштшылық» деп аталатын, отқа табыну дінінің бастаушысы болған Зардұшт пайғамбардың «Авеста» деген кітабы жарық көрген. Авеста – Орталық Азияда, Иранда, Әзірбайжан және Ауғанстан жерінде тараған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы. Сонда алғаш рет Тұран елі, оның патшасы Афрасиаб туралы айтылады. Тұран – Түркістан өлкесінің көне атауы, түріктер мекендеген кеңестік аталады. Ежелгі дәуірден жеткен мәліметтер бұл өңірде «тур» деп аталатын көшпелі тайпа мекен еткенін көрсетеді. «Авестада», Фирдоусидің «Шахнамасында» Иран мен Тұран елінің өзара қарым-қатынасы жайлы көптеген мәліметтер бар.

Ирандықтар отырықшы ел болғандықтан, тұрандықтардың көптеген шабуылына тап болып, Тұран патшасы Афрасиаб, Иранда кейбір пайымдаулар бойынша 10 жылдан аса билік құрған екен. Афрасиаб Иранның қорқыныш, үрей тудыратын тұлғасына айналғандықтан, олар Афрасиаб деп атаған деген болжам бар. Керісінше Афрасиаб түркілер үшін мақтан ететін тұлғасы, қаһарманы. Афрасиаб қаза тапқанда ел жоқтау айтқан көрінеді. Сол айтылған жоқтау ауыздан ауызға таралып, XII ғасырда Махмұд Қашқаридың қаламына іліккен.

Махмұд Қашқари (1029–1101) – түркі ғалымы, әйгілі «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы. Сол ауыздан ауызға таралып кеткен жоқтау, Махмұд Қашқаридың әйгілі еңбегіне енген.

Көптеген әдебиеттанушылар түрік әдебиетінің тарихын, сол Афрасиаб жоқтауынан бастау алады деген ойға келген. Афрасиаб жоқтауының бір шумағын Махмұд Қашқари былай деп жазған екен:

Алып Ер Тоңға өлді ме?  
Жалған дүние қалды ма?  
Заман өшін алды ма?  
Енді жүрек жыртылар.

Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты Білік» атты кітабында Афрасиаб туралы былай дейді:

Назар салсаң, бұл түркінің бектері,  
Жаһанның өз бектері, асыл тектері.  
Түрік бектері ішінде атын асырған,  
Алып Тоңға ер еді, құты тасыған  
Біле ме даңқы ұлы көптің сарасы  
Білімді, ойлы әрі халық ағасы  
Зерек дана, көңілі сара сері еді  
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді.  
Тәжіктер оны Афрасиаб атаған,  
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.  
Қажет білсең, білім, ақыл, даналық,  
Қолға алуға дүниені қаратып,  
Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,  
Кітапта жоқ болса, кімдер түсірген?



Афрасиабтың халық арасында ерекше махаббатқа бөленген сүйікті перзенті болғаны, ұлы дана, ер азаматы болғаны сөзсіз. Афрасиаб туралы жалғыз дерек «Авеста» кітабында болғандықтан, ғалымдардың болжамы бойынша ол VII ғасырда жазылған. Махмұд Қашқаридың заманына дейін ел аузында жүрген жоқтау, оның иесі Афрасиаб, Алып Ер Тоңғаның қаншалықты халық арасында сүйікті қаһарман, батыр болғанын көрсетеді.

Қауымдастар мен ұлттардың арасында бәсеке тоқтамайды. Сондықтан әр елдің саяси билігі, өз елінің рухын көтеріп отыруы үшін, өзге елді жау деп санайтын елді жамандап отырады. Мысалы, Еуропада әртүрлі қауымдар селдтер, жермендер, гүлдер т.б. бір-бірімен шайқасып, бір-бірін жамандап отырған. Тарихта, отырықшылар көшпенділерді «жабайы» деп атағаны туралы сөз бар. Мәселен, Иран мен Тұран арасында болған саяси қақтығыстардан, отырықшы ел, көшпенділердің шабуылына ұшырағаннан, оларды жабайы деп атаған. Сол заманда тіршілік қажеттігі, олардың арасындағы соғыстарды, шайқастарды тудыратын тақырыптарды зерттеп, зерделетін әңгіме. Себебі ешбір патшалық, ешбір билік, басқа елдің тыныш отыруына мүмкіндік бермейді. Қазірдің өзінде де солай болып тұр. Күштілер әлсіздерді өзінің құрамына алып, олардың байлығын, мүмкіндігін өз елінің пайдасына жұмсағысы келіп отырады.

Халықтардың арасындағы қарым-қатынасты қарағанда, оған саяси тұрғыдан қарамау керек, қарапайым, мәдени, қоғамдық қарым-қатынас жағынан қарау керек. Өйткені ешбір ұлт, ұлыс зардап шегуі тиіс емес. Бүкіл шайқастарды тудыратын, үстемдік жасағысы келетін сана, саяси билік.

Түрік тілдеріне келетін болсақ, түрік тілі – дүниежүзі бойынша 80–85 млн адам сөйлейтін тіл, түркі тілдерінің ішіндегі ең көп тарағаны. Түрік тілінде сөйлеушілер негізінен Түркияда шоғырланған. Түрік тілі Кипр, Болгария және Шығыс Еуропаның басқа да аймақтарында қолданысқа ие.

Түрік тілінің тарихы сол Афрасиаб жоқтауына негізделген. Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан да сол Афрасиаб жоқтауынан бастауды жөн көреді, бірақ Қазақстанда әзір ол нақты қалыптаспаған. Ежелгі дәуір бастауы, сол Афрасиабтың жоқтауын біздің әдебиетіміздің бастауы десек, түрік тілінің ежелгі дәуірі ауыз әдебиетінен басталды. Ол кезде нақты қазақтың жазба әдебиет ретінде көрсететін туындысы болмаса да, ауыз әдебиетке, дастандарға молынан кенелген халықпыз. Солардың біразы әртүрлі жазба деректен жазылып алынған дастандарды атап өтетін болсақ, «Жаратылыс» дастаны, «Сақ» дастаны, «Қорқыт ата», «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Оғыз», «Қаған», «Атилла», «Көк түрік», «Көк бөрі», «Ұйғыр» дастандарын, «Күлтегін» жырын айта аламыз. Бұлар күні бүгінге дейін әртүрлі жазба деректер арқылы қолымызға жеткен дастандар.

Егер біз түрік халықтарының тілінің қалыптасып пайда болуын зерттегіміз келсе, ауыз әдебиетінен, оның фольклорынан бастап зерттеуге тура келеді. VII ғасырға дейін басқаша айтқанда Орхон Енисей жазбалары пайда болғанға дейін, ауыз әдебиеті арқылы өзінің тілін дамытып, қоғамдық қатынасты күшейтіп, елдердің рухын көтеріп отырған.

Күлтегін жазуы – ежелгі түркі жазба ескерткіші. Моңғолиядағы Қарабаласаған қаласының қираған орнынан солтүстікке қарай 40 км жерге, Орхон өзені бойындағы Эрдени Цзу монастырының (VIII ғасыр) жанына орнатылған.

«Күлтегін» жырында түркі халықтарының ерлігі жырланады. Ежелгі дәуір әдебиетіміз б.з.б. VII ғасырда басталып XIV ғасырға созылған аралықта даму процесіне қарасақ, көбіне төрт тақырыпқа тоқталған. Сол тақырыптардың бірі – ерлік. Сол заманда шегара болмағандықтан, мемлекетті сақтау, басты мәселе болған. Қазір мемлекеттердің шегарасы айқын, белгілі, ал бұрынғы заманда мемлекет, оны басқаратын тұлғаларымен, патшаларымен, императорларымен белгілі болатын. Әр елдің кеңістігінің мол болуы, халқының бақытты өмір сүруі, сол елін қорғаған, оның даңқын шығарған батыр, ерлердің үлесінде еді. Сол ерлеріне мемлекет ерекше көңіл бөлетін. Сол себептен, дастандардың көбінде, елдікпен қатар ерлік көп жырланады. Ерлерді дәріптеу, мақтау, рухын көтеру ауыз әдебиетінің басты назарда болған тақырыптарының бірі. Ердің қажеттілігі елге жоқтау арқылы беріледі. Түркі халықтарында жоқтау, әдебиеттің бір жанры болған. Ерлердің майданда қаза болуы, елі үшін, халқы үшін үлкен қасірет болған, өйткені олар елдің қорғанышы, сүйеніші. Ерлердің саны азайғанда, халық күйзеліске түсетін еді. Елдің әр азаматы, ерлерінің қадірін жете түсініп, әрқашан олардың мәртебесін жырлар арқылы көтеріп отырған. Ерлердің жасаған батырлығын кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін де жоқтау айтылатын. Жоқтаудың бір үлгісі, «Афрасиаб» жоқтауы, Махмұд Қашқаридың әйгілі еңбегінде жазылған.



Ауыз әдебиетінде бірінші тақырып «ел» болса, екінші тақырып «ер», үшінші тақырып «жоқтаулар» болған. Ауыз әдебиетінің төртінші тақырыбы, ежелгі дәуір әдебиетіне қатысты, ол әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты жырлар. Соңғы тақырыпқа да, аса зор мән берілген, себебі, салт-дәстүрге байланысты жырлар жазылмаған болатын. Салт-дәстүрлер қоғамды белгілі бір тәртіпке, мінезге үйретеді. Осы төрт тақырып аясында, ауыз әдебиеті түрік халықтарының ішінде өте жақсы дамыған. Оның көптеген күні бүгінге дейін жеткен үлгілері, одан кейін XIX ғасырда қазақтар ежелгі ғасыр әдебиеті мен орта ғасыр әдебиеті мазмұндарына негіздеп, жеті салада, батырлық, ғашықтық, салт-дәстүр т.б. тақырыптарды жырлаған дастандары 100 том болып, қазақтың әдебиет және өнер институтында «Бабалар сөзі» деген атпен жарық көрді. Қазақ халқы, ежелгі дәуір әдебиеті, ауыз әдебиеті үлгілерінің мұрагері, сонымен қатар, орта ғасырдағы көптеген аңыз әңгімелердің де мұрагері, соларды сақтап қалуға «Бабалар сөзі» еңбегі, үлкен үлес қосып, кеңейтіп дамытқан. Қазақ қорында ауыз әдебиетінің 100 томдық жыр дастандары, сол көне дәуірдің ұшқындары деуге болады. Біздің көне дәуір әдебиетіміз, көне дәуір түркінің ортақ тілі іспеттес. 14 ғасырлық өмірі бар, VIII ғасырда ислам дінінің пайда болуымен, ислам дінінің орталық Азияға келіп орнығуымен, төрт тақырыптың аясы кеңейіп, жаңа бір бағытқа бет бұрды.

Ежелгі түркі тілі, бүкіл түрік тектес халықтарына ортақ тіл екенін, ғалымдар, «Күлтегін» жазбаларын, не ауыз әдебиетінде жинақталған дастандарды зерттегенде анықтады. Ең соңғы көшпенділер қазақтардың, қазақ тілінің арасында ежелгі түркі сөздері молынан бар. Отырықшы болған түркілердің арасында, түркі сөзінен гөрі, парсы және араб сөздері көбірек кездеседі. Тілмен қатар, оның жазуы да бар. Жазба әдебиетімізде Орхон Енисей өзенінің бойынан табылған, тасқа қашалған жазуларды қолданған екен. Оны Руно жазулары деп атап кеткен, себебі, басында оқи алмағандықтан, олар «жұмбақ жазулар» деген мағынаны білдірді. Сол жұмбақ жазулардың үлгілері қазір де молынан табылып жатыр. Астанада Гумилев атындағы университеттің кіреберісінде, сол Орхон жазуының бір үлгісі әкелініп, қойылған. Ол үлгі, кезінде мемлекет тарапынан Жапонияда жасалып, сол жерге орныққан. Біздің жазулар, түркілердің жазба әдебиетінде бар екендігін көрсетеді. Жазудағы мәтін, біздің ауыз әдебиетіндегі қаһармандық дастан мәтінімен тақырып жағынан ұқсас. Жырдың буындық өлшемі, өзінің түркілерге тән жырланғанын байқаймыз. Түркі тілі мен әдебиетінің ежелгі дәуірі, өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Ол қазір бүкіл түркі халықтарының ортақ тілі мен әдебиеті, тарихы деп есептеледі.